



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ
АЛЬ-ФАРАБИ
KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY NAMED AFTER AL-
FARABI

Көрнекті түркітанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы,
профессор М. Томановтың туғанына 85 жыл толуына арналған
«Қазақ тілі тарихы және рухани жаңғыру негіздері» атты
халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 2017 жылдың 3-4 қарашасы

МАТЕРИАЛЫ

Международная научно-практическая онлайн-конференция
«История казахского языка и основы духовной модернизации»
посвященный 85-летию со дня рождения доктора филологических
наук, профессора М. Томанова

Алматы, 3-4 ноября 2017 года

MATERIALS

International scientific-practical online conference
«History of the Kazakh language and basis of spiritual modernization»
dedicated to the 85th anniversary of the Doctor of Philological Sciences,
Professor M. Tomanov

Almaty, 3-4 November 2017

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2 Каз-03
Қ 17

Шығарылымға Филология және әлем тілдері факультетінің
Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған

Редакция алқасы:

Әбдиманұлы Әмірхан – филология және әлем тілдері факультетінің деканы,
ф.ғ.д., профессор

Салқынбай Анар Бекмырзақұзы – Қазақ тіл білімі кафедрасы профессоры, ф.ғ.д.

Ақымбек Съезд Шардарбекұлы – Қазақ тіл білімі кафедрасы меңгерушісі, ф.ғ.к.

Редакция алқасының мүшелері:

Иманалиева Ғазиза Қынуарбекқызы – Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті,
ф.ғ.к.

Рамазанова Шайгүл Әмірғалиқызы – Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті,
ф.ғ.к.

Аширова Анар Тишибайқызы – Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, ф.ғ.к.,
Лингвоарна ғылыми-зерттеу орталығының директоры м.а.

«Профессор М. Томановтың туғанына 85 жыл толуына арналған «Қазақ тілі тарихы және рухани жаңғыру негіздері» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары (2017 жылдың 3-4 қарашасы). – Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017. – 310 бет.

Конференцияның G-Global платформасындағы бейне түсірілімі <https://www.youtube.com/watch?v=rMT8WedCtuM> сілтемесінде жүктелген.

ISBN 978-601-7091-45-03

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2 Каз-03

ISBN 978-601-7091-45-03

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

сипатының өзгешелігін де бейнелейді. Еске салайық, бұл схема мұғалім мен оқушылардың, тұрмыстық қызмет көрсету жұмысшылары мен клиенттердің, дәрігер мен пациенттердің, психотерапевт пен клиенттердің және т.б. кез-келген кәсіби өзара әрекеттесін анықтайды.

Қорыта келе, қарым - қатынас - ол тұлғаның өміріндегі негізгі рухани, адамгершілік, білім қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталады. Осындай қажеттіліктерді өтеуге қарым-қатынастың мәнерлі белгілері мен құралдарын меңгеру негізгі міндеттерді атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы: оқулық – Алматы. 2012. - 491 б.
2. Шерьязданова Х. Т., Ерментаева А. Р., Аубакирова Ж. К. Қарым-қатынас - тұлғалық дамудың негізі // Вестник КАСУ №5 - 2010
3. Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. М., 1989.

БІЛІМ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

С.Б. Жусанбаева

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті, ф.ғ.к.

Білім беру технологиясының басты ерекшелік белгісі – ғылыми заңдылықтарға негізделген жобалау үдерісі. Технология – ол жобалаудың өнімі. Әдіс (методика) тәжірибеден қалыптасады да, әдіскерлер оны талдап, қорытындылайды және таратады.

Білім технологиясы – оқыту әдісімен салыстырғанда кәсіби мамандардың жобалау іс-әрекетінің нәтижесі. Кәсібилер өздерінің жобалау іс-әрекетінде қабылдаудың, үйретудің, естің ғылымға белгілі барлық заңдылықтарын білу мен қолдануға негіздейді. Білім технологиясына қай тұрғыдан келсе де, "жобалау" сөзі оның негізгі белгісі болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде оқытушы жобалаудың барлық жоғарыда аталған заңдылықтары мен механизмдерін білген жағдайда білім технологиясын жасауына мүмкіндігі болады. Бірақ қарапайым оқытушыдан білім технологиясын талап етуге болмайды.

Оқытудың проблемалық әдісі кез келген технологияда әр түрлі дәрежеде жүзеге асуы мүмкін. Проблемалық оқытуды әдіс ретінде қолданғанда екі ерекшелікті білу керек, себебі проблемалық тапсырмалар көбіне кешенді болып келеді, екіншісі – проблемалық тапсырманы шешу үшін көп уақыт керек. Проблемалық әдісті қолдануда осы ерекшеліктер ескеріледі.

Дәстүрлі әдістерді қолдануда оқу үдерісінің негізгі бірлігі болып сабақ есептелінгендіктен, оқу материалы кішкене тақырыптарға бөлініп, оны оқып үйрену уақыт жағынан созылады. Осы себепті проблемалық оқытуды дәстүрлі әдістерді қолдану сабақтарында қолдану мүмкін емес. Әңгіме сабақты

ұйымдастыруда сұрақтарды проблемалық тұрғыдан қоюға әрі жекелеген проблемалы тапсырмалардың енуі жүйені құрамайды.

Соңғы кездердегі білім технологиясы – дидактикалық бірліктерді ірілетуге және іс-әрекет тұрғысынан келуге негізделгендіктен, проблемалық оқытудың екі шарты да орындалады. Технологияның үшінші ұрпағында проблемалық әдісті студенттер оқыту нәтижесін жоспарлаудың жоғары кезеңінде міндетті түрде қолданады.

Білім технологиясының қажеттілігін қазіргі заманның тез дамуы тудырып отыр. Әдістемелік жұмыста алдыңғы қатарлы, озық тәжірибені дәстүрлі түрде қорытындылап тарату жұмысы бұрынғыдай нәтиже бермеді. Жаңашыл-педогогтің семинарларына барып, тәжірибе алмасудан, ол тәжірибені баспасөзде таратудан әдістеме жұмысы алға жылжымады. Себебі педагогтардың озат тәжірибесін олардың жеке тұлғасынан бөліп қарауға болмайтын еді.

Білім беру ісі бұқаралық өндіріс секілді, ал жаңашыл педагогтар санаулы ғана болғандықтан да, педагогикалық үдерісті технологиялау, яғни бұқаралық іс-әрекет ретінде көрсету қажеттіліктен туындады. Қоғамда болып жатқан өзгерістер, білім берудегі жаңа құралдар (интернет), бұл үдерісті дәл осы кезеңде барлығын қамтитын жалпы сипатқа айналдырды.

Қоғамда технология - адам өмірін жеңілдететін құбылыс. Бірақ технология оны жасағандардың өмірін жеңілдете ме, әлде оны тұтынушылардың өмірін жеңілдете ме? Осы тұрғыдан келгенде технология оны тұтынушылардың өмірін жеңілдетеді. Бірақ осы технологияны жасап шығарушының өмірін жеңілдетпейді. Керісінше қиындатады.

Білім технологиясын тұтынушы ретінде, ол оқушының өмірін жеңілдетуге тиіс. Ал білім технологиясын өндірісте жүзеге асырушы ретінде мұғалім өмірін қиындатады. Әдіс те солай. Оқыту әдісі студент үшін жеңіл болған сайын, оқытушы үшін қиын.

Қазіргі білім технологияларын мынадай топтарға жіктеуге болады: 1) дәстүрлі әдістер; 2) модульдік-блогтік технология; 3) тұтас-блоктік технология; 4) интегральдік технология; 5) жаһандануда ақпараттық қауымдастықтың білім технологиясы.

Оқытушы нақты жағдайға лайығын білім технологиялары арасынан таңдап алған соң, оны сауатты түрде қолдануы қажет. Ал технолог білім технологиясын жасауы керек. Сөйтіп әркім өз ісімен шұғылдануға тиіс. Оқытушы өзінің әдістемесін жасап, өзінің тәжірибесін қалыптастыруы мүмкін. Тәжірибеде қолданып жүрген кейбір технологияларды және өзінің жеке педагогикалық техникасын қолданып, олар өз ретінде оқытушының оқушымен өзара әрекетінің тиімді жақтарын қамтамасыз етеді. Технологияны әдістемелік жүйенің инварианты ретінде мыңдаған басқа оқытушылардың қолдануы мүмкін. Жеке педагогикалық техника, әдетте, тасымалданбайды және әр оқытушының өзінің жеке техникасына болады. Оқытушы өзінің жеке тәжірибесін сипаттағанда: қандай технологияны қолдану арқылы белгілі бір көрсеткіштерге қол жеткенін айта келе, мұндай жоғары көрсеткіштерге жетуіне, өзінің мынадай әдіс-тәсілдерді қолдануыма байланысты дер еді.

ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІНДЕГІ ТІЛДІК БІЛІМ

М.А. Жунисова
Абай ат. ҚазҰПУ ф.ғ.к., доцент

Қазақ тіліндегі кейбір сөздердің шығу тарихы мен тілдік қатынаста қолданысын этимологиялық тұрғыдан талдау жасағанда Қашқари бабамыздың сөздері мен лингвистикалық тұжырымдарын өзек еткен сара жолдың бастаушылары бар. Махмуд Қашқаридың «Диуани лұғат-ит түрк» (Түркі тілдерінің сөздігі, XI ғ.) сөздігінің қазақ тіл біліміндегі алатын орны жайында көптеген зерттеу еңбектер кездеседі. Бұл мақала Қазақстандағы рухани жаңғыруға байланысты Қашқари сөздігіндегі грамматикалық білімді негіз ете отырып, қазақ тілінің тарихи грамматикасы теориясын қалыптастырған ғалым **Мархабат Томановтың теориялық тұжырымдарын** талдауымен өзекті. Соның ішінде қазақ тілінің тарихи грамматикасындағы *тарихи элемент, тарихи грамматикалық формалар мен олардың беретін грамматикалық мағыналарын* қазақы таныммен түсіндіруші, арнайы оқулықтар мен бағдарлама авторы Мархабат Томановтың Махмуд Қашқари сөздігіне байланысты ғылыми-зерттеу еңбектеріндегі теориялық тұжырымдары талданған.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты еңбегінде атап көрсеткеніндей, «Еліміздің әрбір адамы болашақтағы үлкен рухани қоғамды құрайды, сол қоғам тарихының тамыры тереңінен бастау алатын *рухани коды* бар». Елбасымыз рухани жаңғыруды «тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы» деп айтқан [1]. Ұлт жадында сақталып, қатталып қағазға түсіп, бүгінгі күндері әлемдік тіл білімінде талай зерттеу еңбектердің тікелей зерттеу нысанына айналған ұлы лингвист бабамыз – Махмұт Қашқаридың энциклопедиялық еңбегінің тілін қарауда қазақ халқының ғана емес, бүкіл **түркі жұртының рухани әлеміндегі тілдік білімнің**, яғни тіл грамматикасының сипатын аңғару қиын емес. Әрине, XI ғасырға дейінгі ұлы тұлғаларымыздың қалдырған ескерткіштері, қолжазба материалдары қазақ тіл білімінің тарихын жазуда, зерделеуде, зерттеу еңбектерде әр заманның сұранысы бойынша өзінше қарастырылып, өзінше жаңа қырларынан танылып келетіндігі тарихтан белгілі.

Қазақ тіл білімінің тарихи грамматика саласындағы алғашқы еңбектердің бірі болған сөздікті кеңестік тарихи грамматика өкілдері де, шетелдік грамматистер де, тіпті қазақ елінің арнаулы зерттеу жұмыстарын жүргізумен шұғылданған ғалымдары да болғаны заңды деп білеміз. Себебі ескерткіштің бойында жазылған грамматикалық пайымдаулар мен тұжырымдар – түркі жұртын он-он бес жылдар бойы жаяу аралап жазылған *құнды еңбектер, халқымыздың ауыз әдебиеті, сөйлеу өнері, сөз түбірін түсінуі, сөз саптауы, сөз жүйесі* секілді Ұлы Дала халқының сарқылмас білімінің нағыз көрінісін береді. Сөз атасын таныған Махмуд бабамыздың осы сөздігін профессор Мархабат Томанов өзінің «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» (фонетика,

морфология) деп аталатын оқулығында *сөз таптары, түбір, қосымшалардың атқаратын қызметтері, грамматикалық категорияларды* талқыға түсіруі жайдан-жай емес. Кеңес өкіметінің уақытында да зерттеушінің түркінің сөзін қарастыруы – тануы, түркі тілдерінің грамматикалық құрылысындағы тарихи элементтерді белгілеуде сақталған дайын өнім ретінде де, сөз төркінін тануда теориялық тұжырымдар мен жаңалықтарға өзек болған еді [2].

Профессор М.Томановтың Қазақстанда Қашқаританудың жолын, жөнін көрсеткені ешбір дау туғызбайды. Ғалымның ерен еңбегі ғылыми грамматикамыздағы құрылымдық қана емес, тірі қолданыстағы функционалдық грамматиканың да, когнитивтік грамматиканың да алғашқы бейне-сұлбасын жасауда ерекше рөл атқарып келеді.

Елбасының: «Рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды екенін ерекше атаған жөн» деп атағанындай [1], Мархабат Томановтың тарихи грамматика бойынша, соның ішінде Махмұт Қашқаридың ғылыми теориясын қарастыруда тіл тарихын зерттеуші жастарға жарық жұлдыздай жол көрсетері хақ.

Ғалым Ш.Сарыбаевтың талай зерттеулерге жол ашатын тамаша библиографиялық көрсеткішінде қазақ тіл білімінде М.Қашқари сөздігі жайындағы ғылыми зерттеулердің жалпы саны - 58 еңбекті көрсетеді [3]. Зерттеу барысында осы жарияланымдардың жалпы атаулары тізіліп, тіл білімінің қай саласы бойынша қандай жұмыстар бар екені анықталған еді [4].

Нәтижесінде М.Қашқаридың өмірі туралы мәліметтерді *М.Томановтың екі еңбегі*: 1. Томанов М. Махмуд Қашғари. – Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX-XIX ғғ.) (Алматы, 1964, б. 153-166) [5]; 2.Томанов М. Махмуд Кашғари. (– В кн.: «Великие ученые средней Азии и Казахстана (VIII-XIX вв.)». Алма-Ата, 1965, с. 104-1187) деген еңбектерінен белгілі еді [6]. Соның бірі, М.Томановың «Махмуд Қашғари» атты мақаласында: «Түркі халықтарының өкілі – XI ғасырда аса жоғары ғылыми дәрежеде жазған атақты еңбегі бүкіл дүниежүзі ғылымында күтпеген үлкен жаңалық болатын. Себебі, бұған дейінгі белгілі мұралардың бәрі де арнайы филологиялық немесе тарихи-этнографиялық зерттеулер болмайтын, екіншіден, түркі халықтарының өкілі сол дәуірде осыншалық білімдар болады дегенге ресми батыс ғылымы сенбейтін, өйткені олардың ойынша: түркі халықтары тек көшпенділер, сондықтан олардың арасында ғылымға бейімділік болуы мүмкін емес. Оларды өркениетпен таныстырып, сауаттылық ізін салған тек қана батыс деп есептелетін. Мысыр елінің көрнекті тарихшысы Б.Айни Еуропа, Сирия, Үндістан тарихына арналған бір еңбегінде қашқарлық ғалым ибн Махмудтың еңбегінен үзінділер беріп, оғуз руларының таңбалары, түркі тілдері мен ұйғыр жазуы жанында, түркімен тілінің кейбір сөздері туралы мәліметтер берген. Сол сияқты М.Қашқари мен оның еңбегі туралы Еуропаға алғаш хабар берген Венгер Ғылым академиясы 1904 ж. жариялаған *Лингвистикалық энциклопедия* деп қарау мақұл сияқты. Энциклопедияда араб-түрік тілінде жазылған мұралардың ең ертедегісі «Дивани лұғатит түрк» делінеді» [5, 153-154]. Осы мақаланы әрі қарай терең, әрі жан-жақты зерелеу болашақтың еншісінде деп ойлаймыз [7].

Фонетика саласы бойынша М.Томановтың: Томанов М. «Қашқари ХІ ғасырдағы түркі тілдерінің фонетикалық сипаты туралы» деген еңбегінде қазақ тілінің тарихи фонетикасында ерекше орын алады [8].

«Тіл тарихын зерттеу ең алдымен салыстыру негізінде құрылады. Салыстыру туыс тілдердің арасындағы айырмашылықты анықтаудың ғана емес, сондай-ақ көне мұралар тілі мен қазіргі тіл арасындағы, бір ғана тілдің құрамындағы «айырмашылықтардың» сырын айқындау» деген нақты ғылыми кадаммен тарихи грамматикамызды жазып шыққан [2, 52].

Ғалым «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында жарияланған мақаласында: «Махмуд Қашқари оғыз тіліне тән деп көрсететін кейбір сөздердің (әсіресе оларды дыбыстық құрам тұрғысынан қарастырсақ) сол қалпында қазақ тілінде орнығып қалғанын байқауға болар еді» деген тұжырым жасаған [2].

Бұдан аңғаратынымыз, ұлттық сананың барлық бөлігінде өз қасиетімен бірге жымдасып жүретін грамматикалық мағына, грамматикалық форма, грамматикалық категориялар бар. Сол сөз құрылысындағы тарихи элементтердің жиынтығын қарастыру бойынша М.Томанов біздің тіліміздің басқа түркі тілдерімен салыстырыла зерттелуіне жол ашып, «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» еңбегін жариялады [9].

Морфология саласы бойынша М.Томановтың: Томанов М. Етістіктің шақ тұлғаларының қалыптасуы туралы (М. Қашқари материалдарымен салыстыру негізінде) деген мақаласында осы күнге дейін тарихи грамматикамызда Қашқари сөздігіндегі талдаулармен үйлестіре отырып, теориялық тұжырымдар жасаған [10]. Бірнеше тарихи түбірдердің табиғатын ашқандығына көз жеткіздік, олар: *туйуқ, өгре, шиеле*, йувға.

«Қашқарида: *туйуқ – туйуқ қапығ*». Сөйтіп, Қашқари заманында-ақ қимыл есім жасайтын –*ғ й*-ге ауысқан. Қазақ тіліндегі байырғы түбір *ту* дербес күйінде сақталмаған да, оның қимыл есім тұлғасы дыбыстық өзгеріске ұшыраған. Оның өзі де, тіл фактілері көрсеткендей, сол күйінде орныққан. Бірақ бастапқы байырғы түбірдің мәні өзгеріссіз сақталған: *Тұйық су, тұйық кісі, тұйық мінез* – барлығында да жабық, басқа нәрсемен байланыссыз дейтін мән сақталады» [2, 79]. Алматы облысының Кеген ауданында, яғни Қашқаридың туылған қаласы Барсығанның қасында қазір Тұйық деген ауыл да бар. Ол ауылдың атауы ономастикалық жағынан тауға барып тірелетін дегенді білдірген, яғни тұйықталған.

«*өгре* (немесе: үйре) негізі дербес қолданылмаған, онда да: (*өгрен – учиться, приобретать*) какие-либо навыки... *өгрет – учить, обучать*» [2, 80]. *Үйір, үйрен, үйрет* сөздерінің тарихи болмысында *үйірілу, үйір болу* жатырғанын дәл мысалдармен өрнектеп түсіндірген.

«Қазақ тіліндегі *шиеле* (шеше алмайтындай етіп байлау) етістігі есім негізді екендігі *-ла* аффиксінен көрінеді. Қашқари: *ол түркек чызды* – ол түйін түйді, *йүкүн барча өзі чызды* – барлық жүгін өзі буды. Сондай-ақ «*чиген – узда, недоуздок*». Бұл фактілерге қарағанда, қазақ тіліндегі етістіктің бастапқы түбірі *шій –ығ// -іг> ій/*, соңғы *-е* қосымша *шіие* негізі мағыналық жағынан «көнерген» де оның үстіне барып *-ла* жалғанған» [2, 80]. *Шиеле, шиеленісті*,

шиелен байлау, шиеленіп қалу сөздерінің астарын анық аңғартып, дәл әрі нақты фактілермен дәлелдеулер береді.

«Махмуд Қашқаридың «Диванында» *йувға* – бой ұсынған, бағынған» - деп түсіндіріледі. Сонымен бұл фактілер *жуас* сөзінің *жұмсақ* сын есімімен түбірлестігін көрсетумен бірге, оның тарихи құрамы *жу+(а)с* екенін де дәлелдейді» [2, 84].

М.Қашқаридың жоғарыда аталған сөздігі *мақала авторының* 1998 ж. аталған кандидаттық диссертациясының тікелей нысаны болды. Қазіргі таңда осы ескерткіш негізінде «*Тіл тарихы: етіс категориясы*» атты монографиясы төртінші рет толықтырылып жарияланған (2006, 2008, 2014, 2016). Монографияның соңғы нұсқасы ғылыми картотекасымен ерекшеленеді. Онда ескерткіштерде берілген етіс категориясының түрлеріне қатысты мысалдар әліппелік тізіммен берілген [11].

Монографияда «М.Томанов «*Етіс формаларының дамуы*» деген тақырып бойынша М.Қашқаридың айтқан кейбір пікірлерін келтіре отырып, оның жазған мысалдарына шолу жасайды. Қайсыбір етіс түрлерінің «Диуанда» қолданылу тәсілі қазіргі қазақ тілінің говорларында да ұшыраса беретін орындарын көрсетеді: шығындық (шықты), болынды (болды). Ол: «қазақ тілінде майланды, тазаланды, әдеміленді, сыланды, безенді, т.б. етістіктер өздік етіс мәнін де, ырықсыз етіс мәнін де береді» - пікір білдірген болатынбыз [11, 15]. Осы тарихи элементтердің тіліміздің говорларында әлі де қолданыста екені анық. –н жұрнағының атқаратын қызметін түсіндіруде дәл алынған мысалдары қолмен қойғандай етіп түсініктеме беруі грамматикалық құрылысымызда күрделі құранды аталған жұрнақтарды ажырата алуға нақты жол ашып келеді.

«М.Томанов былай деп жазады: д, р дыбыстары тарихи тұрақсыз дыбыстар деп аталатын сөздер қазақ тілінде аса көп емес: беркіт//бекіт [11, 62-63]. Бірақ тарихи тұрғыдан алып қарағанда, р түсірілу арқылы қалыптасқан фактілер едәуір ұшырасады» [11, 81]. Тілімізде редукцияға ұшыраушы осындай дыбыстардың тілдің үнемдеу заңына байланысты түсіп қалатындығы жөніндегі тарихи грамматикамызда бірнеше ірі-ірі ғылыми еңбектердің дүниеге келуіне мұрындық болғаны айтпаса да түсінікті.

Ғылыми жоба жаздыру тәжірибесі жөнінде жазылған мақаламызда: «мақсатқа өзекті проблеманың жаңа концепциясын табу деп анықтама» бергенбіз [12, 204].

Қорыта келгенде, ғалым М.Томановтың өткен дәуірлер материалдары бойынша жасаған ғылыми-теориялық концепциялары келешекте де етістіктің, яғни қимыл, іс-әрекеттердің тарихын зерделеуде де шоқтығы биік екеніне кәміл сенеміз. М.Қашқари сөздігінің қазақ тілінің тарихи грамматикасындағы орнын белгілеуде де М.Томановтың жоғарыда талданған еңбектерінің мәні мен маңызы келешекте қашқаритану ғылымы бойынша ірі ғылыми жобалардың антропоөзекті тіл білімі тұрғысынан қарастырылуына жол сілтейді деген үміттеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру <https://egemen.kz>
2. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы (фонетика, морфология). Алматы: Мектеп. 1981, – 206 бет.
3. Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші. I-V том. – Алматы. 1965.
4. Жүнісова М.Ә. Қазақ тіл білімінде «Түркі тілдері сөздігі» - нің зерттелуі. // II Халықаралық Түркі Әлемі Зерттеулері Симпозиумы жинағы. – Алматы: Қыздар университеті, II том. 2015. – 405 бет.
5. Томанов М. Махмуд Қашғари. – Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX-XIX ғғ.) Алматы, 1964, – 153-166 беттер.
6. Томанов М. Махмуд Кашгари. – В кн.: «Великие ученые средней Азии и Казахстана (VIII-XIX вв.)». Алма-Ата, 1965, с. 104-187.
7. Жүнісова М.Ә. Қазақстандағы Қашқаритану (қазақ тіл білімі бойынша) // «Мемлекеттік тілді оқытудың ұлттық моделі: әлемдік тәжірибе және замануи әдістер» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 27 қаңтар 2017 ж. – 72-76 беттер.
8. Томанов М. Қашқари XI ғасырдағы түркі тілдерінің фонетикалық сипаты туралы. // Кітапта: Қазақ тілі мен әдебиеті (Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді С. М. Киров атындағы мемлекеттік университеті). 1 шығуы. Алматы, 1971 (мұқабада – 1972), – 141-147 беттер.
9. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. –Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – 192 бет.
10. Томанов М. Етістіктің шақ тұлғаларының қалыптасуы туралы (М. Қашқари материалдарымен салыстыру негізінде). – Кітапта: Қазақ тілі мен әдебиеті (Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді С. М. Киров атындағы мемлекеттік университеті). 2 шығуы. Алматы, 1973, – 79-88 беттер.
11. Жүнісова М.Ә. Тіл тарихы: етіс категориясы //Монография. – Қарағанды: «Medet Group», 2016. – 234 бет.
12. Жүнісова М.Ә. Оқушыға қазақ тілінен ғылыми жоба жаздыру жолдары. //Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы, 2015 № 2 (52). 204-208 беттер.

Аннотация

Актуальность работы обусловлено в зависимости от духовного возрождения в Казахстане, анализируется теоритические концепции Мархабат Томанова по словарью Махмуда Кашкари «Диуани лугат-ит турк» (Словарь тюркских языков, XI век).

Рассмотрены существующие проблемы в сфере казахского языкознания исследования именно по казахской исторической грамматике. В статье а также проанализировано теоритические выводы ученого, автора программы и учебника «Историческая грамматика казахского языка». В зависимости от духовного возрождения статей в словаре Кашкари, грамматическое знание на основе казахского языка исторической грамматике ученого М.Томанова формируется теоретическими концепциями соответствующего анализа. В том числе казахского языка исторической грамматике, исторического

элемента, а это означает, что историческое и грамматические формы их грамматическая интерпретации казахскими философами специальных учебников и автор программы М.Томанова словарь Махмуда Кашкари исследование было проанализированы результаты теоретических трудов. Происхождение слов казахского языка и использование языка в связи с этимологической точки предка Кашкари в ходе анализа слов и понятий.

Ключевые слова: историческая грамматика, история казахского языка, грамматический концепт, исторический элемент, этимология некоторых слов, диахронический анализ с языками письменных памятников.

ҒАБДОЛ СЛАНОВТЫҢ КӨРКЕМ ПРОЗАСЫ

Жұмабаева Гүлнар Сапқызы
Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау
мемлекеттік университетінің
филология ғылымдарының кандидаты

Қазақ әдебиетінің тарихында көркем прозада өнімді еңбек еткен қаламгерлердің бірі Ғ.Сланов.

Ғ.Слановтың прозасы ең алдымен, өз дәуірінің айнасы болуымен қатар, классикалық орыс әдебиетінің жаңа жағдайға бейімделген отаншылдық, күрескерлік, жасампаздық, оптимистік тәрізді көптеген қырларын бойына жинақтаған социалистік реализм талаптарына толық сай, сәйкес жазылған дүниелер. Дей тұрғанмен, көркемдік, эстетикалық талап тұрғысынан келгенде бұл шығармалардың әрқайсысының сол тұстағы әдеби процестердің даму үрдісін танытатын белгілері және ұлттық прозамызға олжа түрінде қосқан жетістіктері де аз емес. Айталық, «Арман ағысы» повесі композициялық бітімі жағынан 1938 жыл үшін әжептәуір жаңалығы бар шығарма болатын. Қысқа ғана уақыттың (үш күннің) оқиғасын алға жаю арқылы 20-30 жылды қамтитын тұтас кезеңнің өрі мен ылдиын, жеңісі мен жеңілісін адамдар тағдырымен желілеп суреттеу – бүгінгі озық проза 60-жылдардан бастап игере бастаған үрдістің бірі (мысалы, Ш.Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» романы).

«Арман ағысы» повесінің негізінде шындық, болған оқиға жатыр. «Белгілі бір дәуірлік шындықтан көркем шығарма туғызу үшін, бәрінен бұрын материал керек. Ал материал табудың суреткерлік тәсілі – сол дәуірдегі адам тағдырын қазу, қопару, «тірі документтерді зерттеу», - деген болатын академик З.Қабдолов. (1)

Повестің прологі «Бейуақта» деп аталады. Шығарманы нәрлеген, ұтымды кілт болған осы бес-алты бетте өткендегі өмірдің бір үлкен аянышты елесі жатыр. «... Бала арқалаған жас әйел шаршап-шалдығып келе жатты да, дәрмені құрып, жол аузына отыра кетті. Аз тыныстап алып, баласына сүзбе езіп берді. Көкірегін қарс айырған қасірет жалынын терең, бірақ жай күрсініп қана сыртына шығарғандай. Ұзамай-ақ ымырт үйіріліп, қараңғылық көрпесі тас боп қатты да қалды». Қараңғыны қармалаған панасыз сорлы жас ана үш жасар ұлын арқалап Жетішатыр қаласындағы түрмеге жабылған күйеуін іздеп келе жатқан беті еді. Қиырсыз жаһан түзде жаяу сапар шеккен жас келіншектің талықсып келе жатқаны, айуанның бөрісі болмағанымен, адам бөрісінін соқыр

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Салқынбай А.Б. Мархабат Томанов зерттеулері және қазіргі рухани жаңғыру.....	3
Томанова Н.М. Мархабат Томанов - человек в науке	10
Yıldız Naciye. Olumlulaştırma/-olumsuzlaştırma bağlamında doğu türkistan'dan derlenen kazak atasözlerinde “az” ve “çok”	14
Сағындықұлы Б. Құлжанова Б. Түркі тілдеріндегі табыс септігінің даму тарихы	21
Тымболова А.О. Үштілділік жағдайында қазақ тілін оқыту тәжірибелерінен.....	28
Yıldız Naciye Metin merkezli ve bağlam merkezli kuramlar esasında oğuz kağan destanı üzerine inceleme	33
Erbeden Erdi Özbek türkçesinin oş ağızından alkış örnekleri	47
Baldane Orhan Kazan tatar türklerinin mani ve türkülerinde dağ.....	57
Бекмағамбетов Ш. Ежелгі түбір сөздер табиғатын тіл генетикасы тұрғысынан тілдік негіздер арқылы зерттеудің маңыздылығы	66
Алкебаева Д.А. А. Байтұрсыновтың «қазақтың бас ақыны» мақаласының прагматикасы.....	71
Жұбаева О. Қазақ морфологиясының идиоэтникалық сипаты.....	77
Құлназарова Г.С. Профессор М. Томанов еңбектерінің қазіргі кездегі өзектілігі	90
Ezberci Ayşe Eleneksel el sanatımız oya	93
Emrah Yılmaz Türkmen deyimleri üzerine semantik açıdan bir inceleme...107	
Ақымбек С.Ш. Дауыссыз дыбыстар сәйкестігі мен алмасуының артикуляциялық сипаты	116

1-СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ ГРАММАТИКАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ГРАММАТИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Абитжанова Ж.А. Ж. Баласағұнның «Құтадғу билик» шығармасы тіліндегі метафораға негізделген мақал-мәтелдер.....	123
Аширова А.Т., Досанов Б. Түбі бір түркі тілдеріндегі дыбыстық және грамматикалық ерекшеліктер.....	130
Ақжігітова А.О. А.Байтұрсынұлы терминдерінің қолданыстағы көрінісі.....	134
Ахметқалиева Л. Қазіргі тіл біліміндегі функционалды прагматика бағыты және зерттелу жайы.....	140
Әбдікерімова Г.А., Сариева Т.Қ., Сайлаубеков А.Н. Түркі	

мәдениетінен бастау алған «мәңгілік ел» идеясы негізінде студенттерді отансүйгіштікке баулу, ұлттық сана-сезім көкжиегін кеңейту арқылы рухани жаңғыруға бет бұру.....	144
Әлімтаева Л.Т. Толымсыздықтың коммуникативтік аспектісі: диахрония және синхрония	148
Балтабаева Ж.Қ. Беласарова Ж.Т., М. Томанов еңбектеріндегі морфологиялық тұлғалардың тарихи дамуы.....	152
Дәулетова А.Н. Қожа Ахмет Иассауи хикметтеріндегі адами құндылықтар	160
Қанбаева А. Ұлт мұратын ұлықтаған ұлылық	162
Кушкимбаева А.С. Көнерген сөздер - ұлттық болмыстың өзегін сақтаушы	165
Өтемісова Г.Ж. Шығарма тілінде көнерген аталымдардың тіркестіру тәсілі арқылы жасалуы (Нұртуған мен Ерімбет шығармалары бойынша).....	171
Сайбекова Н.У. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі фонеманың функционалды сипаты	177
Турабаева Л.К., Есболаева И.А., Базарбекова Н.Ш., Сайлаубеков Н. М.Томанов – тіл тарихын зерттеуші	182
Төленби Ә. Шылаулардың даму тарихынан	186

2-СЕКЦИЯ. ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ: РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАҢҒЫРТЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Абдрахманова Ж.М. Жастар тіліндегі тілдік қолданыс.....	189
Абдрахманова Ж.Ә., Алиева Г.А. Баспасөз тілі: заманауи «мағынасы майысқан мақалдар»	194
Абдрахимова Г.Б. Терминжасам және салалық сөздік	197
Арынбаева Р.А., Танабаева Г.Ө., Жамашева Ж.Р. Инновациялық оқыту тәсілдері арқылы қазақ тілі сабағында студенттердің тілін дамыту	199
Атаханова Н.А. Ақын өлеңдеріндегі көркемдік ойлау табиғаты	202
Әбдіманап М.Ә. «Алмас қылыш» романындағы «Мәңгілік ел» идеясы.....	207
Бурабаева Ж. Жүмекен Нәжімеденов поэзиясындағы «тамыр» концепті	215
Даулетова А.С. Тұлға әлеуметіндегі қарым-қатынас рөлі.....	217
Жусанбаева С.Б. Білім технологиясының ерекшеліктері	223
Жунисова М.А. Түркі жұртының рухани әлеміндегі тілдік білім	225
Жұмабаева Г.С. Ғабдол Слановтың көркем прозасы	230
Жүсіпов А.Е. Тілде кездесетін қателіктер: стилистикалық, семантикалық қайшылық, аударма қателігі	236
Иманалиева Ғ.Қ., Амирова М.Ж., Ормаханова Л. Көркем	